



БІЛІМ

БИЫЛ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ ТҮСПЕГЕН

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Дәмеш Ускумбаева Әңгірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте есеп берді.

Оның айтуынша, департамент тарапынан мемлекеттік аттестаттау бойынша осы бес айдың ішінде 32 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына (колледждер) және 16 балабақшаға, сонымен қатар 55 мектепке мемлекеттік аттестаттау жүргізілген.

– Нәтижесінде бес колледж, бес балабақша және үш мектеп аттестаттаудан сәтті өтті. Өте алмаған 27 колледж бен 35 мектепке біздің департамент тарапынан әдістемелік көмек беріліп, кемшіліктер жойылды. Олар қайта аттестаттаудан өтті, – деді департамент басшысы.

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті лицензиялау және апостельдеу мемлекеттік қызметтерін көрсететінін айтқан Дәмеш Шайхықызы олар бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, «Е лицензиялау» бойынша департаментке «Мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесінен 116 өтініш келіп түскен. Үш мемлекеттік және үш жекеменшік мектепке бас лицензия берілсе, 18 мектеп пен 15 колледждің лицензиясы қайта, 6 мектепке қосымша лицензия рәсімделіпті. Лицензиялау талаптарына сәйкес келмегендіктен 75 білім беру ұйымына лицензия беруден дәлелді негізде бас тартылған.

Ал білімі туралы құжаттарға (түпнұсқалар) апостиль қою қызметі бойынша 81 құжат орындалып, мемлекеттік корпорацияға жолданыпты. Түпнұсқасының бол-



мауы, құжаттың расталмауы және қызмет көрсету салығының төленбеуі себебінен 15 құжат кері қайтарылған.

– Өздеріңіз білетіндей 2019 жылы 27 желтоқсанда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойғаны белгілі. Департамент тарапынан аталған талаптарын сақтамағаны үшін 2020 жылы – 10, 2021 жылы – 12, 2022 жылы 7 әкімшілік іс қозғалды. Биыл ешқандай шағым түскен жоқ, – деді департамент басшысы.

Сондай-ақ Дәмеш Шайхықызы өзі басқаратын департамент тарапынан білім беру ұйымдарының өз қызметін дұрыс ұйымдастырып, кемшіліктерге жол бермеуі бағытында семинарлар мен құқықтық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келе жатқанын атап көрсетті. Атап айтқанда 2023 жылдың бес айында облыстағы 51 білім беру ұйымында білім беру саласындағы заңнама талаптары, нормативтік-құқықтық актілер, бақылау шаралары бойынша кездесулер өткізіліп, ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Жеке қабылдауға 34 азамат жазылып, мәселелері оң шешімін тапқан.

Баспасөз мәслихатының соңында департамент басшысы журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

А. ЕСТАЙ.
М.Х Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 3-курс студенті.
Жамбыл облысы.

ЕРТЕҢ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

ДИАГНОЗДЫ ДҰРЫС ҚОЮ – ДҰРЫС ЕМДЕУДІҢ КЕПІЛІ

Халықтың көкейіндегі сұрақтарына жауап алу мақсатында денсаулық сақтау саласының білікті маманы, «Нұр Авиценум» жекеменшік емдеу орталығының жалпы тәжірибелік дәрігері Жанар Қойшыбаевамен сұқбаттасқан едік.

– Жанар Әділханқызы, коронавирустан кейін адамдардың денсаулығында қандай өзгерістер болды? Айығу процесі аяқталды ма? Осы уақытта өкпе дерті таралып кетті дегендер бар.

– Коронавирус 2020 – 2022 жылдары тұрғындар денсаулығына кері әсер етті. Дәрігерлер бұрын-соңды мұндай сырқатпен күреспегендіктен басында тосылып қалды. Алғашқы емдеу тәсілдері тиімсіз болды. Соның салдарынан ем қонбай, біразының созылмалы сырқаттары қайта қозды. Көп адам қайтыс болды. COVID жұқтырған адамның иммунитеті оңайлықпен қалпына келе қоймайды. COVID-тің зардабын әлі шегіп жатырмыз. Ағза жұқпаның әсерінен арылуы үшін иммунитетті көтеретін қоспалары бар дәрумендер ішу керек. Бұл сырқат өкпе дертінің өршуіне әкеліп соқтырды. Біршама адамның үйден емделуі, қадағалаусыз жүруі туберкулез кеселінің жайылуына себепші болды. Денсаулық сақтау саласының мамандары өкпе дертінен зардап шегушілердің денсаулығы үшін күресуде.

– Медицина саласындағы бүгінгі өзекті мәселелерге тоқталыңыз.
– Медицина саласындағы өзекті мәселенің бірі – аудандық және ауылдық жерлерде білікті дәрігердің жетіспеушілігі. Сондай-ақ алыс аудандар мен шалғай елді мекендердің медициналық құрал-жабдықтарының істен шығып, жаңартылмауы. Соның салдарынан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына қаржы аударушыларды облыс орталықтарына немесе ақылы медициналық орталықтарына жіберуге мәжбүр. Көбінесе УДЗ, МРТ, КТ сынды құрал-жабдықтар жоқтың қасы. Осының салдарынан медициналық қызметке көңілі толмаған тұрғындар наразылығын айтып жатады. Дұрыс диагноз қою үшін сол заманауи аппараттарға түсу керек. Ол үшін ауыл халқы қалаға сабылады. Дәрігерге барар алдында ең бірінші терапевтке қаралу керек. Маман қай сала дәрігеріне баратынын айтып, оның қабылдауына жазды. Сол уақытта сырқат біраз уақытын жоғалтады. Бұл жүйе де сырқаттардың ренішін тудырып жатады.

– Сырқаттар жасарып бара жатыр деп айтып жатырмыз. Соның себебіне тоқталсаңыз. Яғни, бұрын орта жастаң асқан адамдарда болатын сырқаттар бүгінде жастарда кездесуінің себебі не?

– Иә, қазір жастар да қауіпті, созылмалы сырқаттарға шалдығып жатады. Экология, дұрыс тамақтанбау, зиянды әрекеттер адам ағзасын улауда. Менің ойымша, осының барлығының алдын алу үшін көктемде, күзде дәрігерге қаралып тұрған жөн. Бізде арнайы скрининг бағдарламасы бар. Сол бойынша дәрігерлерге тексерілу керек. Шақыру жіберілсе де көп адам скринингтік тексеруге келмей қалады. Бұл – онкологиялық, қант диабеті, қын қысымы сияқты кеселдерді уақытында анықтауға мол мүмкіндік. Ағзада сырқат белгісі анықталса бірден ем тағайындалады. Сырқат жазылғанша дәрігердің қадағалауында болады. Ем ерте басталса сауығу мүмкіндігі де мол. Тез дайындалатын тағамдар, газы бар татты сусындар, зиянды әрекеттер жастардың жас кезінен сырқат болуына әсер етеді. Көп жағдайда асқазан, бауыр, түрлі ішек ауруының пайда болуына себеп болады. Сондықтан да денсаулыққа уақытылы ден қойып, тұрғылықты мекенжайы бойынша дәрігерге тексеріліп тұру абзал.

– Созылмалы кеселдердің алдын алу, емдеу барысында Үкімет тарапынан қандай шаралар жасалады?

– Диспансерлік есепте тұратын науқастарға дәрі-дәрмек, шипажайлық ем тағайындалады. Кейбіреулеріне күндізгі стационар және шипажайлық курорттық жолдама беріледі. Үкімет тарапынан қаржыландырылады, сол арқылы созылмалы сырқатты бар адамдардың шипажайларда тегін демалуға мүмкіндігі бар. Сауықтыру орталықтары сырқаттың диагнозына қарай ем-дом, ас ауқат беруді нақтылайды. Жаяу серуендеп көркем көріністерді көру де емделушінің өмірге құштарлығын оятып жаңа күш береді. Былай айтқанда шипажайлық қонақүйден басты айырмашылығы – келушіге емдеу және сауықтыру жолдарын ұсынады. Шипажайда емдеудің негізгі міндеттері – созылмалы сырқаттың симптомдарын төмендету, дәрілік терапия көлемінің төмендеуі, инфаркт, инсульт немесе сынық жарақаттары, отадан кейінгі оңалту, созылмалы және жасқа байланысты аурулардың пайда болуының алдын алу, жалпы денсаулық пен иммунитетті қатар нығайту. Сондықтан Үкімет тарапынан берілетін көмектерді алып, оның игілігін көру тұрғындардың өзіне байланысты.

– Жаз маусымында адамдар денсаулығын қалай күту керек? Қандай шаралар қолданғандары жөн?



– Жазда күн сәулесінен сақ болу керек. Әсіресе қан қысымы жоғары кісілер уақытылы дәрілерін ішіп жүргені абзал. Күн ысығанда суға түсуге құмарлануымыз рас. Ішімдік ішіп суға түсуге болмайды. Аяқ-қолы тартылып қалуы мүмкін. Балаларды судың терең жағмаына жібермеу керек. Бүгінгідері көзден таса қылмаған жөн. Олар терең жерден шыға алмай қалатынын білмейді. Немесе жел соғып, толқын көтерілгенде суға шомылуға бармау керек. Лас суға түсуге болмайды. Тұрып қалған көлшікте бактерия болады. Егер құсып, бас айналып, дене қызуы көтерілсе бірден дәрігер шақыртып жөн. Тау-тасқа барғанда да абайлаған дұрыс. Себебі, аллергия туғызатын шөптер болады. Бауырымен жорғалаушылар, дәрі себілген шөптер қауіпті. Сондықтан, жазғы демалысты ұйымдастырғанда сақтық шараларын қатаң сақталу тиіс.

– Адам ағзасындағы сырқатты нақты анықтап, диагнозын дұрыс қою үшін қандай әдістер қолданысыздар?

– Біріншіден, келген емделушіден денсаулығына байланысты шағымдарын сұраймыз. Лабораториялық және инструментальды зерттеулер жүргіземіз. Мысалы, қан қысымы 160/100 болса, протокол бойынша анализдер алынып УЗИ, ЭКГ, ВЭМ, СМАД секілді тексерулерден өткізіп, сәйкесінше диагноз қойып, емдеу шараларын бас-таймыз. Диагноз қоюда мұқият болу керек. Дұрыс диагноз қойылмаса сырқаттың тиімді түрде емделуі мүмкіндік берілмейді. Сондықтан да анализдердің қорытындысының маңыздылығы жоғары себебі, сырқат түрі анықталады. Кейде анализ қорытындысының уақыты өтіп кетуі де мүмкін ондай жағдайларда анализ қайта тапсырылып, нақты сырқат белгісін анықтап атады. Диагнозды дұрыс қою – дұрыс емдеудің кепілі.

– Халық еміне көзқарасыңыз қандай? Мысалы, таңдай басу, ұшықтау, құйрық маймен сылау жалпы не айтасыз?

– Қазіргі таңда емі көп. Ол әрбір адамның өз сеніміне, қалауына байланысты. Емделушілерге анаған бар, мынаған барма деп айта алмаймыз. Заман дамыған сайын емшілер тіпті онлайн форматына көшкен. Адамның суретіне қарап, оның қандай дертке шалдыққанын білу мүмкін емес. Білікті дәрігерлерге жүгінген дұрыс. Медицина маманы қандай дертке душар болғаныңызды анықтап, емделу жолдарын көрсетіп, толық айыққанша қадағалайды. Ежелгі қазақтың емдеу тәсіліне келетін болсақ, халық емінің ең дұрысы құйрық маймен сылау дер едім. Себебі, құйрық майдың емдік шөптердің сығындысы. Сондықтан құйрық майдың емдік қасиеті жоғары. Көп жағдайда құйрық майды баланың терісін жұмсартып, қан айналымын реттеу үшін жағады. Тек балаға емес сонымен қатар буындардың ауырынуы, сүйек, бас, іш, аяқ-қол сырқырағанда үлкен кісілер ем болсын деп дәрігерлер жазып берген рецепт бойынша дәрімен де араластырып жығып жатады. Тек пайдасы болмаса мұның ешбір тигізер зияны жоқ.

– Медицинада емделуі қиын, ауыр дерттерді емдеуде қандай жаңалық, әдістер қолданылады. Оңалту орталықтарының сырқаттарды аяғынан тұрғызуда көмегі қандай?

– Қазақстанда медицина қарқынды дамуда. Шетелдік білікті мамандармен дәрежесі тең. Небір күрделі оталарды да өзіміздің жергілікті дәрігерлерден жасатуға болады. Мысалға алатын болсақ бауыр, жүрек, өкпе, ұйқы безі, бүйрек трансплантациялары секілді ауыр оталар жасалынады. Осындай күрделі оталардан кейін емделушінің сырқатының деңгейіне байланысты арнайы оңалту орталықтарына жолдама беріледі. Отадан шығып, денсаулығын нығайтып емделіп шығуына зор мүмкіндік деп айтуға да болады. Сол себепті де оңалту орталықтары көптеп ашылууда. Тұрғылықты мекенжайына байланысты орналасуға болады. Мұндай орталықтарда мүмкіндігі шектеулі балаларға да көп көңіл бөлінуде. Әр емделушіге сәйкес оңалту шаралары жүргізіліп, аяғына тұрып кетуі де әбден мүмкін. Қорыта келе айтарым, қандай да бір сырқат болмасын соны қабылдап, нық ұстаныммен жүріп жеңе білу керек деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Г. ТҰРСЫН.
Алматы облысы.

ТУРНИР

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Жақында Алматыда өткен XVI Республикалық математикалық «Бастау» турнирінен Қарағанды облысының бастаушы сынып оқушылары жүлдемен оралды.

Аталмыш турнирге еліміздің түпкір-түпкірінен 150 оқушы қатысқан. Нәтижесінде облыс намысын қорғаған оқушылар командалық есепте II орын иеленді. Ал Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы гимназияның және № 95 мектеп-гимназияның командасы жүлделі III орынға ие болды. Жеке есеп бойынша сынға түскен С.Сейфуллин атындағы гимназияның оқушылары Айзере Медеу мен Әсия Қаракесекова III орын иеленді.

А. РАХЫМҚҰЛОВА.
Қарағанды облысы.

ПЕТРОПАВЛДА «ТОО ЕНБЕК-2016» ЖШС ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің СҚО бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды 2023 жылғы 23 маусым күні сағат 11:00-де Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57 В, мекенжайы бойынша 3-қабат, 335-кабинетте өтетін «ТОО Енбек-2016» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің суды тарату желілері арқылы беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне оңайлатылған тәртіппен тарифті және тарифтік сметаны бекіту жөніндегі өтінімді қарау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Сонымен бірге, жария тыңдауларға «ZOOM» (идентификаторы: 780 776 9996, құпия сөзі: 1234) және «Facebook» қосымшалары (сілтеме: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>) арқылы қатысуға болады.

Байланыс телефондары: субъектінің +7 (71535) 2-26-11, уәкілетті органның 8 7152-53-42-30.

СҚО-ДА «СОЛТҮСТІК ЭНЕРГО ОРТАЛЫҚ» ЖШС-НІҢ ХАБАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің СҚО бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды 2023 жылғы 30 маусым күні сағат 11:00-де Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57 В, 335-кабинет мекенжайы бойынша өтетін «Солтүстік Энерго Орталық» ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу бойынша қызметтер құнының алдағы уақытта көтерілуі туралы хабарламаны қарау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Сонымен бірге, жария тыңдауларға «ZOOM» (идентификаторы: 780 776 9996, құпия сөзі: 1234) және «Facebook» қосымшалары (сілтеме: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>) арқылы қатысуға болады.

Уәкілетті органның байланыс телефондары: +7 (7152) 53-42-31. Субъектінің байланыс телефондары: +7 (7136) 2-11-77; +7 (7162) 42-47-89.

В ПЕТРОПАВЛОВСКЕ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «ТОО ЕНБЕК-2016»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по СҚО приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по рассмотрению заявки на утверждение тарифа и тарифной сметы на регулируемые услуги по подаче воды по распределительному сетям товарищества с ограниченной ответственностью «ТОО Енбек-2016», которые состоятся 23 июня 2023 года в 11:00 часов по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая, 57 В, 3 этаж, 335-кабинет.

Также имеется возможность участия в публичных слушаниях посредством приложений «ZOOM» (идентификатор: 780 776 9996, пароль: 1234) и «Facebook» (ссылка: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>).

Контактные телефоны: субъекта +7 (71535) 2-26-11, уполномоченного органа 8 7152-53-42-30.

В СҚО ПРОЙДУТ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ ПО УВЕДОМЛЕНИЮ ТОО «СОЛТҮСТІК ЭНЕРГО ОРТАЛЫҚ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по СҚО приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по рассмотрению уведомления о предстоящем повышении стоимости услуг по розничной реализации электрической энергии ТОО «Солтүстік Энерго Орталық», которые состоятся 30 июня 2023 года в 11:00 часов по адресу город Петропавловск, ул. Парковая, 57В, 335-кабинет.

Также имеется возможность участия в публичных слушаниях посредством приложений «ZOOM» (идентификатор: 780 776 9996, пароль: 1234) и «Facebook» (ссылка: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>).

Контактный телефон уполномоченного органа: +7 (7152) 53-42-31. Контактный телефон субъекта: +7 (7136) 2-11-77; +7 (7162) 42-47-89.

SALYQ TARTIBI

БАС РЕДАКТОР

Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ:

«САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 15 500
Апталық таралымы 46 500

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»



Тапсырыс 381